

Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің
"Әйгерім-1" бөбекжай балабақшасының жоспардан тыс педагогикалық кеңес
отырысының хаттамасы

2022 жылғы 29 сәуір

Еңбекшіқазақ ауданы

ХАТТАМА № 5

Өткізілген уақыты: 29 сәуір 2022 жыл

Түрі: Жоспардан тыс

Тақырыбы: Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру.

Мақсаты: Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүзеге асыру және жетілдіру.

Төрайымы-Керимбекова А.Т

Хатшысы –Жылқыбаева Г.А

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Алматы облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің жоспарына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өту туралы Қ.Р Білім және ғылым министрілігінің №124, №700 бұйрықтарымен таныстыру.
2. Өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі комиссияның құрамын құру және бекіту.
3. Алматы облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсыну үшін , өзін-өзі бағалау күнін бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Керимбекова Айгуль Тлебалдиевна жиналысты ашып, бүгінгі күн тәртібімен таныстырып өтті. Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің жоспарына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан балабақша өтетіні туралы мәлімдеді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығын басшылыққа ала отырып құжаттардың сапасын тексеруді қолға алуын айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі комиссияның құрамын құрып, сол комиссияның құрамының мүшелеріне Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 124 бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласында сапаны

камтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 700 бұйрығын басыналыққа ала отырып құжаттардың сапасын тексеруді қолға алуын айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша Алматы облысының білім саласындағы сапаны камтамасыз ету департаментіне ұсыну үшін 2022 жылғы 31 мамыр күнімен тоқтатылсын және бұйрық шығарылсын. Өзін-өзі бағалау күні 31 – мамырға дейін барлық құжаттарды қабылдап алу балабақша әдіскері Шаяхметова М.Е жүктелінді.

Шешімі

1. Алматы облысының білім саласындағы сапаны камтамасыз ету департаментінің жоспарына сәйкес мемлекеттік аттестаттаудан өткені туралы Алматы облысы білім басқармасының Еңбекшіқазақ ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Әйгерім-1"бөбекжай балабақшасы" Керімбекова Айгуль Тлебалдиевна меңгерушісінің ақпараты назарға алынсын.

2. 2022 жылғы 29 сәуір айында білім беру қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі комиссияның құрамын құру және бекіту.

3. Алматы облысының білім саласындағы сапаны камтамасыз ету департаментіне ұсыну үшін 2022 жылғы 31 мамырға дейін балабақшада өзін-өзі бағалау жүргізілуі тоқтатылсын. Құжаттар толық балабақша әдіскері Шаяхметова М.Е өткізілсін.

Төрайымы
Хатшысы



Керімбекова А.Т
Жылқыбаева Г.А